

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық  
резервтің материалдық құндылықтарын шығару ( жаңарту және броньнан  
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

30.03.2017ж.  
сағ.: 18:45

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төраға орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

**комиссия мүшелері:** Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, тендерлік комиссияның төраға орынбасары; Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқарма басшысының м.а., Е.С. Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасы басшысының м.а., Б.А. Тұргелдинова – ММРК Экономика, қаржы және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасы басшысының м.а., Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысының м.а., Б. Ә. Орынбеков – ММРК «Резерв» РМК Бас директорының м.а., Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: Д. А. Жарылқапов – ММРК «Резерв» РМК Бас директоры-еңбек демалысында, 2017 жылғы 10 наурыздағы № 140 бұйрық).

**Күн тәртібі:**

1. 2007 жылдың 21 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңының 12-бабы 4 тармағы 4 тармақшасына, сондай-ақ ҚР Бас прокуратурасының 2015 жылғы 14 тамыздағы жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерінің айналым процесстеріне қатыспау туралы хатының негізінде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтар тізбесінен № 18- 109 лоттарын алып тастау.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №110 - №246 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42 тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 %-ға төмендету.

Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақтарды қарап, **ШЕШТІ:**

1. 2007 жылдың 21 шілдесіндегі Қазақстан Республикасы «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңының 12-бабы 4 тармағы 4 тармақшасына,

Д. Абуева

С.К. Сабырбаева



сондай-ақ ҚР Бас прокуратурасының 2015 жылғы 14 тамыздағы жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерінің айналым процесстеріне қатыспау туралы хатының негізінде мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтар тізбесінен № 18- 109 лоттарын алып тасталсын.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. №110 - №246 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42 тармақтарына сәйкес 10 %-ға төмендетілсін:

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 30 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы шығарылатын мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-қорында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 30 наурызда сағат 18.53-да жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 30 наурыздағы өзгерістер есепбімен 2017 жылғы жаңарту тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, 17 бетте.


**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К.




**Комиссия мүшелері:**


Ахметов Б.К.




Дүйсекенова Д.Н.




Рахматулла Е.С.




Түргелдинова Б.А.



Иманбаев Н.М.



Орынбеков Б. А.



**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е.

